

1 200 ₣  
16 к

Мәриям  
ХАКІМЖАНОВА



Шығармалары











«Жазушы»

баспасы

2006



Мәриям  
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары




«Жазушы»  
баспасы  
2006

Мәриям  
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары

Үш томдық  
шығармалар жинағы




«Жазушы»  
баспасы  
2006

Мәриям  
ХАКІМЖАНОВА

Шығармалары

Үшінші том

*Естеліктер  
Мақалалар*



«Жазушы»  
баспасы

2006

ББК 84(5Каз)7-4

X 16

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнө ақпарат министрлігі Ақпарат жөнө мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

**Құрастырып, алғы сөзін жазған  
Мағира Қожахметова**

**Хакімжанова М.**

**X 16 Шығармалары (III том). Естеліктер, мақалалар:— Алматы:  
Жазушы, 2006.— 368 бет.**

**ISBN 9965-764-28-X**

Биыл тұғанына жүз жыл толатын қазақтың белгілі ақын қызы Мөриям Хакімжанованың үш томдық шығармалар жинағының бүтін кітабына иегізінен ор кезеңде жазылған естеліктері енді. Бүтінгі үриақ үшін Жамбыл, Мұрын жырау, Сәбит, Фабит, Иса, Қасым, Тайыр сынды алыптардың өмір жолы аса қызықты болары анық. Үлттық мактандышымызға айналған ірі тұлғалар кешкен тағдыр кім-кімді де бейжай қалдырмаса керек.

Ірілі-ұсакты дүниелері арқылы озі ғұмыр кеңінен қоғамның, уақыттың мазмұнын қаламгер тұтастай көрсетіп, шынайы бейнелей алған. Откен ғасырдың танымал қоғам қайраткерлері мен онер, мәдениет, әдебиет өкілдеріне катысты небір құнды мәдіміст, деректермен танысадасыз. Артында қалған мындаған хаттарынан алынған бірер үзінді де сезімді сelt еткізеді.

**ББК 84(5Каз)7-4**

**X 4702250201-055  
402(05)-06**

**ISBN 9965-764-28-X**

**© Хакімжанова М., 2006  
© “Жазушы” баспасы, 2006**

## Оппын откел

Жердің бетті шағам-шағам жол екен,  
Кызыны да, қыны да мол екен.  
Біреу күртіп, біреу жылап барады,  
Өмір деген оппын откел сол екен.

Сол откелмен мен де аяңдал қелемін,  
Козбен шолып жеर мен қоқшің қалемін.  
Бар табиғат дөңгелесе алдында,  
Ақ құс болып ушып жатыр олеңім.

Бір кездерде жалын жалап, от қештім,  
Бір ғаламат шағыпты опті жеर үстін.  
Бақыт құсым қарманына ілінді,  
Кырқып кепті пілтімді де үнімді.

## ӨТКЕН КҮНДЕР ЕЛЕСІ

1913 жылы мен жеті жасар бала болатынын. Біздің ауылымыз Мезгіл деген қайынды бақтың бауырында еді. Бұл қыс қыстайтын қыстауымыз. Ал жаз жайлайтын жайлайтын жиырма шакырымдай жерде, күншығыс жақ беттегі Бажырақ деп аталатын жарқыраған үлкен көл. Бұл көлдің жағасы жасыл құрақ, қалың қамыс, тұңғиғы мен жанырағы коз тартатын сұлу болатын. Балалар қамысқа жүзіп барын май қоға, сүйрік қоға, су қоға тартады. Қоқтемде сол көлдің қамысының арасынан құстың шелек-шелек жұмыртқаларын тауып әкелетін. Жабайы үйрек пен қаздың баланандарын үстап әкеліп асырайтын. Олардың аяғына жіп тағын ойнайтын.

Бажырақ көлдің басына жан-жақтан көп ел келіп қонады. Сол ауылдардан топ-топ, лек-лек болып балалар қырдың басына жиналып ойнайдын. Олардың ойындары: асық атпак, тонаї тікпек, күресс, жалаң аяқ жарыс, соқыр теке, ақ сүйек, судыр-судыр, жаңылтпаш айту, жұмбақ айту, бекет олең айту, тағы-тағылар. Бір ғажабы, сонша көп баланың ішінде бір қыз бала болмайды. Ол кезде қыз балалар ер балалармен ойнамайдын. Оған ата-анасы да, елдің үлкендесі де рұқсат етнейді. Сондықтан қыз балалар оз алдына ойнайды. Қобінес олар да асықсен ойнайды. Олардың ойындары қан атпак, тума, бес сақа, қаржымақыл, қақпақыл сияқты ойындар. Бері келе дойбы (шатыраш) ойнап үйрәндік. Менің Едірес, Ахметжан дейтін екі ағайым бар. Солар озіміздің ауылдың балаларын үйымластырып, басқарып жүрді. Олардың Нұрахмет, Жандарбек, Мұхтар, Ержан, Әли, Қази, Ахметқали, Аблырахман, Қабікен, Фатиш, Мырзахмет, Кенжетай сияқты достары бар. Солардың ішінде Ержан әрі домбырашы, әрі әнни болатын. Оның бір козі қорасаннан кеткен жасында. Соған қарай біреулер соқыр Ержан десе, біреулер домбырашы Ержан, біреулері әнші Ержан, біреулер бұжыр Ержан деп те атайдын. Шынында Ержан қу тілді, соз тапқыш еді. Ержанның әкесі Байқосақ та жасында олеңші болыпты. Біз ол кісіні қартайған кезінде кордік. Соның өзінде неше түрлі қиссаларды жатқа айтап, бізге үйрететін. “Қызы Жібек” қиссасын мен сол кісіден үйрениген едім.

Менің балалық шағым жұпныңы, жүлсөн отті. Әкеміз ерте олді де, анамыздың тәрбисеіндегі остик. Торт үл, скі қызы баламен қалған анам да аз бейнет корген жок. Мәрзия дейтін менен кіші қызы торт жасында қызылшадан қайтыс болды.

Біздің бала кезімізде қуыршақ, ойыншық машина дегенді тіпті білмейтінбіз. Бар білетін ойыншығымыз – резенке дон. Ол да біз сияқты жетімектердің колына туспеген. Сондыктан көктемде мал түлеп, жүні түсс бастағанда сол майдың қасындағы ағаштарға ілініп қалған жұндерін жинап алғып, соны түкірітеп, суладомақтап, доп істейтінбіз. Ол жүн дон резенке доптай көтерімейді, тек домалайды. Біз соган да мәз болушы едік.

Үйіміздे ыдыс-аяқтардың кобі ағаштан жасалғандар. Ағаш шара, ағаш табак, ағаш ожау, ағаш қасық, ағаш тостаған деген сияқты. Шәй ішетін шәшкес, шыны-аяқтарымыз кісі басына-бірден жетер-жетпес қана еді. Бір күні анам бір үйдің кірін жуысуға кетті. Үйге бас-коз болатын меммін. Самауырды қайнатып, шай жасап жатқанымда кішкентайлардың бірі анам ішетін шыныаяқты сындырып тастамасы бар ма. Ағашарым да мені аяп “енді сені үрады ғой келген соң” деп құрак үшүп жатыр. “Сынықтарын тығып тастайық, қашан іздеңгеше айтпайық” деседі. Бірақ менің отірік айтқым жок. Корқып та барамын. Жылап шәй да іше алмадым. Шойлан кейін үлдар шұбырып ойнап кетті. Үйдің ішін тап-түйнектай етіп жинап, сыпырып, шамның мойнын жуып, керосинни құйып, бәрін реттеп қойдым да, анам келеді-ау деген кездे жерден қазған қой кораға барып тығылдым. Кораның есігі ашық, байқап түрмyn. Бір кезде келіп үйге кірді. Аздан кейін далаға қайта шықты. Шамасы мені іздең жүр. Бір-екі рет атымды атап шақырды. Менде үн жок. Бірсес қорқып жылаймын. Анам жан-жағына қарап сөл түрді да, күйсітін иығына салып, екі шелекпен суға кетті. Жылағанин ба, әлде қойдың қынының ісінен бе, басым қатты ауырып, шекем солқылдан барады. Анам суды алғып келген кезде жайылымнан мал да келіп қалған. Қойлар қораға сибей пысқынын, шегіншектеп тұрған. Экелген сүйн үйге кіргізіп шыққан бойда қойын қамап тастайын дегей оймен айдайды. Бірақ қойлардың кіретін тұрі жок. “Бұлар оз қорасынаң оздері неге шошып тұр?” деп қораға озі кіріп-ақ келгені. Мені корген анам қатты шошып, күшактай алды. “Ойырмай, не болды, құлыным? Денің дұрыс болса жарап еді. Әлгі жүтір-

мектердің бірі үрып кетті мс?" — деп үрейлесе сұрап жатыр. Жылап сойлеген сайын оксітімді басар емеспін. Бетімнен сүйіп, бауырына басқан күйі үйге кірдік.

— Айта ғой, кім тиді? — дейді жалынышты дауыспен. Мен үндемеген бойыммен барын нештің қуысындағы жайрап жатқан шыныаяқтың сынықтарын корсеттіп, жылап жібердім.

— Шыныаяғы құрысын. Соған жылап жүрсің бе, жаңым ау? Шыны сынса ауыртпалықты котереді деген. Балаларым аман болсын. Шыныаяқ түгіл окең олгенде де олгенім жоқ. Тірі болып, бөбектерім жетсе, талай шыныаяқтар оздері келер,— деп бетімді салқын сумен жуып, шашымды жинал, әкелген тамағын құйып беріп, бәйек болып жатыр.

— Шынынды айтшы, ана үлдардың бірі сындырған шығар. Сен сындырдым дегенге кокірегім сенбей тұр, — деді.

— Жоқ, маматай, озім сындырдым. Сұртіп жатқанымда қолымнан түсіп кетті, — дедім.

\* \* \*

Біздің ауылда орысша, қазақша оқытатын ауылнай мектеп болды. Бұл мектептердің негізін Ыбырай Алтынсарин атамыз қалаған екен. Ат жетер жердегі слідің балалары осы мектепте оқиды. Ол кезде балаларға арналған жатақхана, интернат дегендер атымен жоқ. Сырттан келген балалар жақын-жарандарының үйінде не болмаса пәтерде тұрады. Ал мектепте орысша да, қазақша да оқытатын бір ғана мұғалім болатын. Орысша оқу-құралдары аз, ал қазақша оқулықтар мұғалімнің қолында бір-бір данадан ғана болады. Күнделікті сабакты балаларға дәптердің бетінс арапша жазып береді.

Мектепте парта аз болатын. Сондықтан ауқатты үйлердің балалары партаға отырады да, кедейлердің балалары мен жетімдер жерде отыратын. Мұғалімнің тұсында екі тармақты жіңішке қамшы мен екі-үш солқылдақ кок шыбықтар ілулі тұрады. Есеп шығару, әріптер жазу үшін ағашпен комкерген кара тақта болатын, соған г्रафитпен жазатынбыз. Қазір жазып, қазір сұртіп тастайтын едік. Кітап салатын сумканы көргеніміз де жоқ, білмейміз де. Шешеміз бауын үзын стіп шүберектен бокша тігіп береді. Соны мойнымызға асып алып жүрстінбіз. Қарындаш, қалам, қаламұш, дәптер дегендер сондайлық қат болатын.

Мектептің озінс деген тағайынды үйі жоқ еді. Сондықтан қайда бос үй болса, сонда оқытынбыз. Бір жыл біздің

үйдің оң жағындағы бір жаман шым үйде оқыдық. Сол жылы мен окуға бардым. Бізді оқытқан Исхак деген татар кісі еді. Оның Нафиса деген әйелі, Мінурда деген қызы бар-ды. Ол кісі балаларға ұрысқанда “бадбаҳыт” деген ұрсағын еді. Бір баланы ұрганын коргенім жок, иі жұмсақ адам болатын. Азғантай парталарды үйдің бір жағына тізіп қойыпты да, екінші жағына қалың стіп сабан тосепті. Біз сол сабаның үстінде үш баладан қатар-қатар тізілे отырдық. Ортадан кіріп-шығатын жол қалдырған. Мен тек қазақша ғана оқимын. Ағаларым қазақша да, орысша да оқиды. Алдымен қазақша сабак жүретін де, қыздарды шығарып жіберіп, орысша сабак басталатын. Бір мен емес, барлық қыздарды да орысша оқытпайтын. Бөкейдің Рақымжаны, Баймекеннің Мұхтары, Донданың Сулеймен деген балалары сақылдаған сары аязда, алай-дулей боранда да мектепке жалаңаяқ келетін. Сонда олардың аяқтары боржылып, қып-қызыл болып тұратын. Бір кереметі, олар тіпті де ауырмайтын.

Мұхтардың басына оқу кірмей-ак қойды. Ол үшін қанша таяқ та жеді, соз де естіді, бірақ ешнэрсе дарымады. Оқытушы күйіп-пісетін. Қаны қайнап ашуланатын. Ашуланғанда дауысы біртүрлі шынғырған сияқты болып шығады. Оны слеп жататын Мұхтар жок. Бетіне дөптерін үстап алып есінеп, кейде қалғып үйықтап, кейде Сагила, Жаңыл деген қыздарға қағазды домалақтап лақтырып отыратын. Осындай қылыктарынан талай-талай бұрышта да отырды. Мектептен шыға берсе оқытушының дауысына салып, шынғыра сойлеп, шек-сілемізді қатыратын.

Келесі жылы Нұрпейіс деген кісінің үлкен екі болмслі ағаш үйін жалдап алып, сонда оқыдық. Үйдің ақшасын балалары оқитын ата-аналардан жинадық. Бұл жылы оқытушы да жаңадан келді. Оның фамилиясы Хаснов деген еді. Атын үмытып қалыппын. Ол кісі орысша да, қазақша да көп оқыған, көп білстін адам еді. Өзі де өте таза киінетін, қияфатты кісі еді. Ол кісінің тұған жері – Қарабалық жағында дейтін. Сабак білмесен, сұрағына жауап қайтармасаң, айтқандарын ықылас қоя тындармасаң аямай жазалайтын. Қыз балаларды бұрышқа жүресінен отырғызып қоятын да үлдарды жақсырап тұрып дүрелеп алатын.

Қыстың күні. Қар қалың. Күн сұық. Қалың қар шынында жарқырап, сықырлап жатыр. Сабактан шықкан бір топ бала біздің үйдің үлкен ақ серкесін ит шанаға жегіп, бәрі

жабыла шанаға мініп ағаштың ішіндес серуендейді. Серкенің дымы құрып шаршайды. Оның шаршағанын қызықтаған балалар қарасын ба, жабыла үрады. Жанына таяқ батқан серке бар дауысымен бақырады. Осының үстінен шыққан оқытуышы “ертең сабакқа келгендерінде сойлессермін” дес, серкені үйге әкен тапсырады да, жоніне кестеді. Ол күні Ахметжан жондеп үйкіттей алмайды. Ертеңін сабакқа барап да қалың киініп сайланып барады. Мұғалім елдің алдымен келіп отыр екен. Балалардың бас-аяғы жиналғаннан кейін:

- Кешегі серуендерің туралы кім баяндайды? — деді.
- Мен, — дес Ахмет қолын котерді.
- Бері, ортаға шық. Бір ауыз отірік айтпайсың, есінде болсын, — дес оқытуышы қырлана түсті.

Ахметжан бар шындығымен бөрін де оз мойнына алды. Сойтіп тоғыз рет дүре жеді. Мен шыдамай сіреп жылап жібердім. Бірге тұған бауыр түгілі, басқаның жәбірленгенінс шыдамайтын бала жүрек езіліп кеткендей болды.

Талаір рет шашын жұлдырып, мұрнын қанатып, басын ісіріп, талаір дүрені коріп шыныққан Мұхтар оқытушымен әбден ошігіп алды. Оқытушыға не пәле кездессе де бәрін Мұхтардан коретін. Бір күні оқытушы ауылдағы бозбалалармен бірге қыз үзату тойына барыпты. Енді қайтарда сырт киімін кигенде екі женінің аузын біреу мықтап коктеп қойған. Ертеңін жоқтан барды сылтауратып Мұхтарды дүресп алды. Арада бір ай откен жоқ, мұғалім бір үйге шілдеханаға барады. Қайтарда галошын киейін десе, екі галошын да тақтайға шегелеп кетіпті. Келесі күні сабак үстінде оқытушы окушылардың сабагын тексеріп жүріп Мұхтардың қасына тоқтады. Оқытушының қолында ұзын линейка. Сол бір кезде сарт етті. Линейканың сынықтары доңгеленіп келіп тақтайға түсті. Мұхтардың шашы әрі қалың, әрі бүйра болатын. Оқытушының екі қолы шегеленіп қалғандай Мұхтардың басында түр. Жай түрған жоқ, жұлқып түр. Сол кезде есіктен біреу кіре берді, үялған шығар қолын алып торғе қарай жүрді. Келген кісі поштабай Сұлтан екен. Газеттер, журналдар әкеліп беріп, шығып кетті. Оқытушы әлтінің бәрін де столдың суырмасына салды да, Қази мен Жандарбекті ертіп пештің алдына келді. Бәріміз де қарап танданып отырмыз. Әлгі екі шәкірттің орындарына барып отыруға рұқсат етті де, Мұхтарды шақырды.

— Мына пештің ішін қолыңмен қарап шық, — деді. Ойында сүштенс жоқ Мұхтар сіңкейіп, басын пештің ішіне сұға

қарай бастағанда қүйрықтан теуіп кеп жібермесін бе? Мұхтардың басы бүрк стіп күлгे кіріп кетті. Козді анып-жұмғанша болған жоқ, басы күл-күл болған Мұхтар сүн-сүр болып оқытушының қасына барды да, басының күлін тайсалмастан оның үстіне сілкіп, орында қалған бір жапырақ қағаз оқулығын бетіне лактырды да, шығып кетті. Содан қайтып Мұхтар мектептің маңынан жүрген жоқ. Мінс, ол кездегі оқытушылар шәкірттеріне осылай аяусыз қатал қарайтын.

1916 жылы июнь жарлығы бойынша қазақтан қара жұмысқа солдат алатын хабар халықты шошыта, үркіте келді.

Бір күні менің үлкен ағайым Едірескес шақыру қағаз келді. Оның жасы он сегізге әлі толған жоқ. Ал солдатка он тоғызың жастан бастап алады. А나ам жылап, сніреп ауылнайға кетті. Күн бата қайтып ораңды. Түсі оте сұық. Жұрт орынға отыра қос атпен скі жұз шақырым жерде тұратын Ахмет дейтін інісін Ақпанбет дейтін ата коршімізді шақырып келуге жіберді. Арада бір күн откенде нағашым келіп мөн-жайды білді. Едіресті алып, Қостанайға жүріп кетті. Баласын алып қалу үшін аман бір бұзаулы сиыр, бір аттан басқа малымызды сатып қаржы қылды. Едірестің скі балтырын жасанды жара стіп дәрігерлер солдаттан алып қалды.

Ахметжан ол кезде Қостанайда екі кластық орыс мектебіндес оқитын. Ыбырай Алтынсаринің үрпағы деп оны мектептің жаңынан ашылған пансионға орналастырған. Әлі есімде, 1917 жылдың басында қыскы каникулға келген Ахметжан патшаның не үшін тұскені, оның орынана кімнің болғанын айтатын. Сонда аман:

— Жұрт кедейдің патшасы болады. Ол кедей жалшыны, жстім-жессірлерді қолдайды скен деп жүр ғой. Ондайды естімедің бе?

— Жоқ, мама, сиді патша деген болмайды. Кедейді жақтыйтын коммунист деген партия болады дейді. Ол туралы шшкімге айтушы болмандар. Бізбен бірге оқитын скі баланы коммунист Маркс, Ленин дегенді қайдан естідіндер деп тергеп, тексеріп, ақыры мектентен шығарып жіберді. Байлар коммунистерді мейлінше жек кореді. Коммунистер байлардың артық малын, астығын, жерін кедейлерге бөліп береді дейді. Сондықтан коммунист десе, барлық байлар әзірсейіл кореді,— деп бізге түсіндірді.

Жазғы демалысқа келгенінде Ахметжан бұрынғыдай смес, есейіп, ысылып қалғандай болып корінді. Ол бұрынғыша

бізбен ойнамайды. Оның жасыл тысты кішкентай блокноты бар. Соны бізден жасырып жер-кокке тыгатын. Кейін білсек ол блокнотта “Интернационал” олеңінің тексі бар екен, шамасы біреуден кошіріп алған болар. Бірақ оны оқығанмен түсініп жатқан біз жоқпыз.

Бір күні қатты жаңбыр жауып, күн күркіреп, наизағай жарқылдаپ тұрды. Дағаға шығып кеткен Ахметжанмен бірге қаладағы пәтердің иссі Faafar Жалилов абыз келді. Қасында қызы Файша және екі орысы бар деп сасқалақтап, үйдің ішін жинастырып жатыр. Шынында келген екен. Қонақтар үйге кіріп орналасты. Анам ыстық тамақ пісіріп, шай қайнатып, кіслерді сыйласап жатыр. Тамақтың алдында шишадан құйып алыш, әппак суды стақандап ішіп жатыр. Мен Файшадан:

— Суды неге сонша ішеді? — деп сұрасам, ол сықылықтай құліп:

— Бұлар су ішіп отырған жок, арап ішіп отыр. Өзің аракты да білмейсің ғой? — деп маған таңырқай қарайды. Мені кеміте сөйлейді. Мінс, “арап” деген сөзді бірінші естігенім де, коргенім де сонда. Қонақтар қоңілді, шешіле сөлеп, темескіні бұран алыш, бұрқырата тартып гүйдесіп кетті. Сөздерінің арасында Ульянов, Коммунист, Пролетариат, Ленин деген сөздерді көп айтады. Бірақ түсінбеймін. Сондықтан қаладан келген Файшадан сұраймын. Ол менің ешнөрседен хабарсыз екеніме ызакорлана жауап қайтарады.

— Лениннің шын фамилиясы — Ульянов. Патша мен байлар қудалап күн корсстейді. Сондықтан Ленин деп атын озгертип алышты. Сол Ленин патшаны тақтан жұлып алған,— деп менің ағайым айтады. Мына екі орыс та Ленинді жақсы кореді. Бұлар менің ағайыммен бірге жүкші болып істейді. Осыларды “жандармдар іздеп жатыр” деген соң өтиім ат жегіп, бұларды осы жаққа алыш келді. Ағайым маған: “Сен бірге бар. Жолда бірденегес ұшыраса, саған ешкім де тимейді. Шамаң келгенше, үйге жет!” — деді.

— Кедейлердің партиясы деген Қостанайда бар ма? Ол біздің ауылға қашан келеді, білмейсің бе? — деп сұрасам, Файша тағы ашуланады.

— Кедейлердің бастығы Ленин деп айттым ғой. Ол Қостанайға келмейді. Оның қайда тұратынын ешкім де білмейді. Жақында оның солдаттары Қостанайға келеді. Лениннің солдаттарының бәрі де менің ағайым сияқты жүкшілер екен.

Менің ағайым соларға “оз еркіммен қосыламын” деген өзірлесіп жүр. Сен ешкімге айтып қойма...

Мектепте тиіп-қашын оқып жүріп, ақ-қараны танығаннан кейін оз беттіммен кез келген кітапты оқуны едім. Бірінші оқыған кітабым Ұбырай Алтынсариннің хрестоматиясы болатын. Бұл кітаптағы барлық олең атаулыны мен түгелдей жатқа білетінмін. Ал қара сөздерінен озім жақсы коретін “Ормекіші, құмырсқа, қарлығаш”, “Сәтемір хан”, “Асылшоп”, “Бір уыс мақта”, “Шешіс мен бала”, “Мейірімді баланы” жаттап алдым. Маған коп ой салған кітаптың бірі 1910 жылы баспарадан шыққан “Үлтілі тәржімс” деген аталатын И. А. Крыловтың мысалдары. Бұл кітапты қазақшаға аударған Алтынсариннің шөкірті, “Қалың мал” романының авторы Спандияр Кобеев болатын.

Орынбор – Сібірге атак-данқы кең тараған атақты ақын Нұржан Наушабаевтың олең кітаптарын коп оқумен қатар көп жаттап, айтуыш едім. Әсіресе айтыстарын жақсы кордім. Нұржан 1919 жылы қайтыс болды. Менің әкеммен оте жақын дос болған адам, әрі ауылымыз жақын еді. Нұржан ақын өзінің бір жасынан бастап алпыс жасына дейінгі өмірін олең стіл жазады. Сонда былай бастапты:

Бір жасап ана қарнында,  
Жерге түстім жан болып.  
Шырылдап арман қалмады,  
Көзімді аштым аймалап,  
Емшек емдім тырмалап.  
Бесікте жаттым іңгәланп,  
Одан да арман қалмады.  
Бір жасымда өлді анам,  
Жстімдік дерті бес жаман.  
Талпынып мені сүйе алмай  
Он сегізде қаза бол  
Анамда кетті көп арман.

Нұржан ақынның Сұлтанқазы деген жалғыз ұлы болыпты. Сұлтанқазы бармағынан бал тамған күйші екен. Сондай өнер иессі, дарынды азамат аз уақыт ауырып, дүниес салады. Сұлтанқазының қайғы-қасірстіне тозе алмаған жас ару Мэриям келесі жылы қайтыс болады да, Көрім, Күләш деген скі сәби атасы мен әжесінің бауырында қалады. Күләш

екеуміз жастас едік. Нұржекен ауыр науқастан сар тосек болып жатқан кезінде екі немерсі:

— Ата, олсң айтпай қойдың ғой. Біз олсңді сағындық. Айтып берші, ата-еке, — деп жалынып қоймапты. Сол кездे Нұржекенің тамағынан су да жүрмейтін жағдайда екен. Қасында отырған Жұніске:

— Қағазға жаза берші, тілімнің үшінда бірер тамшы түрған сияқты, — дейді. Сондағы ақынның ең соңғы өлеңі мынау екен:

Жүргім, бауырымның фараасындей,  
Көзімнің ағы менен қарасындей,  
Екі тал, екі түсті қарақтарым,  
Артымда жасың жетпей қаласың ба-ей?  
Жүргім, бауырымның хошы балам,  
Келгені қуатымның осы, балам,  
Ішімде от-қасіретім қайнағанда,  
Мауқымды сүйіп-сүйіп басып алам.  
Жүргім, бауырымның бітті күші,  
Орт болып ортенуде атаң іші...  
Жақсы бол, жалқау болма, құлындарым,  
Ажалға жеткен емес адам күші.

Осындай зарлы, мұнды өлеңдерді жаныммен жақсы коруші едім, жалықпай жаттауышы едім.

\* \* \*

1918 жылдың аяқ шені болатын. Біздің ауылымыз сол жылы уақытша Ыбырай Алтынсарин атамыздың Басағаш дейтін жердегі қонысына келіп қыстаған-ды. Бұл қоныс Қостанай қаласынан 12 шақырым жерде болатын. Әлі есімде, ақ пен қызылдың аңдысқан кездерінде Қостанайды болып жатқан соғыстың күркірі біздің ауылға жетіп жататын. Қашқан актар ауылға келіп олек салатын. Ат бермедін деп біздің ауылдың талай адамдарын атып кетстін. Ең болмағанда дүрслеп, естерінен тандыратын.

Бұл қундері қалаға барып келетіндер: “Әліби Жанкелдин деген коммунист келіпті қалаға. Барлық бай-құлақтар оның алдында құрдай жорғалайды дейді. Коммунистердің бастығы Ленин деген кісінің досы екен. Қаланың ішінде жасырынып жүріп, ақтардың солдаттарын шетінен үстательп, абақтыға қаматып жатқан корінеді. Елдің бас адамдарын шақырып

алып солдаттарға ат, ер-тоқым, азық жинап жатыр скен. Қаланың кедейлері мен жұмысшылары оз сріктірімен солдатқа жазылып, өскерше киініп алыпты, — дегенді естіген біздің ауылдың бірсыныра жігіттері атты өскерге жазыламыз дес қалаға қарай ағылды. Арада біраз құн откенде үш жұз өскерімен Жанкелдин біздің ауылға келді. Құн қақаған сұық, ақ боран болатын. Әскерлерін әр үйге таратып орналастырды, озі ауылымыздың басы Қошанның Сейдахметі деген кісінің үйіне түсті. Содан боран ашылмай біздің ауылда бір жетісій жатты. Құнде қасындағы адамдарымен шоғырлана жаяу жүріп, өскерлері жатқан үйлерді аралайтын.

Бір құні таңертең біздің үйге келді. Оның басында көкшіл қаракүлден тіккен папах. Маңдайында жарқыраған қызыл жұлдыз, үстінде айнала кокшіл елтірі ұстаған шолак қара тон, аяғында қызғылт былғарыдан тіккен, қонышы санына дейін жетстін байпақты етік. Айқыш-үйқыш асынған қару-жараптары бар. Анам торғе корпес салып, ағаларым құрметтеп шешіндірді. Шай ішіп болғанин кейін тонының желкелігін, босап түрған түймелерін, байпақтарының жыртықтарын тіkkізіп, қол орамалдарын жудыртты. Сөрсөнбек деген біздің ауылдан барған солдатына сақалын алдырыды. Осы аз уақыттың ішінде Әлекес талай-тачай әңгімелер айтты. Көп айтқандары Чапаев, Аманкелді, Ленин жайында. “Аздан кейін бәрі де реттегеді, бәрін де оқисындар. Оку да, дөрігерлік көмек те тегін болады. Эйслдер тұтседей оқиды, тенденциалады. Еселерің кеткендерді осы құннен естеріңде түсіре беріңдер, олармен жақсылап тұрып есеп айырасындар, солай ма, азамат?” — деп түрған балалардың бағдарынан сипайды. Осыдан былайғы жерде коммунистен мейірімді, қайырымды адам жоқ деген сенім менің жүргіме терең үялаған еді.

1924 жылдары біздің елде комсомол қозғалысы орттей лаулады. Бірінші атағы шыққандар — комсомолецтер Құрманай Дербісалин мен Серғали Бермағанбетовтар. Бұлар жас кеңес өкімстінің үгітшілері болатын.

“Қосшы үйымы”, “Коопсация үйымы” “Құдайсыздар үйымы” деген сияқты толып жатқан үйым жұмыстарының кобін комсомолдар жүргізеді. Бермағанбетов Серғали төкпес ақын еді. Өздерінс қарсы келіп, жол бермейтін жуандардың жат мінездерін, теріс үғымдарын өлеңге қосып сынап, мінеп жүрестін. Бұл да күрестің бір түрі болатын.

Құрманай Дербісалин Одессага тендерішілер даярлайтын училищеге оқуға кетті. Сол жақта жүріп окпе ауруымен

ауырып келіп, Қостанайдың ауруханасында қайтыс болды. Озінің ата-анасы ерте олғен жалғыз жігіт еді. Құрманайдың дениесін елге өкеліп жерледі. Оған соңғы рет қоп айтысуға Қостанайдан коп комсомолдар келді. Қаралы митингі отті, содан кейін қабірдің басында мылтық атылды.

Осылармен қатар озіме тетелес Мұқаметжан деген інім комсомол болып шықты. Бұл біздің тұқымнан шыққан тұнғыш комсомол болатын. Оның шын туған жылы 1908 жыл. Ал документтерінде 1906 жыл болып жазылады. Оның себебі: комсомолға оту үшін жасын ілгеріге апарып жаздырған. Ол комсомол қатарына 1922 жылы кірді. Ол кезде оның шын жасы 14-те болатын. Сүйреп апарып жасын 16-ға толтырып комсомол билестін алған. Мұның комсомолға кіруі ол кезде ел ішін бір дүрліктірді. Озі қызбалалау еді. 1926 жылдары ол Орынбор рабфагін бітірді. 1924 жылы партия қатарына отті. Дербісалин, Бермағамбетов бөрі жиналып жүріп Отеген қажының мешітін клубқа алды. Қысқаша айтқанда комсомолдардың дүрілдеген кезі болды. Рабфакті бітіріп келгеннен кейін Мұқаметжан Губ-РКИ-де, одан кейін ОГПУ-да қызмет істеді. Аудандық прокурор болды. Оралда, Алматыда облыстық партия комитетінің болім менгерушісі болып істеді. Тайпак аудандық партия комитетінің бірінші секретары болды. Алматыға келгеннен кейін “Горпромторгтың” бастығы болды. Майданда үш жыл соғысып, жараланып, елге оралды.

Бүгінгі жас балдырғандар дүниедегі ең бақытты, сұң корікті, сұң талантты балалар деп ойлаймын. Олай дейтінімнің терең сыры бар. Оларға қарап мен оз балалық шагымды есіме түсіремін. Біз кисек киімге, ішсек тамаққа жарымай, еркін ойнамай өстік.

Менің балалық шағым қайта оралса, жсті қабат жер астын зерттейтін инженер болам деп талпынар едім. Одан қалса жер бетіндегі барлық мұхиттардың тубін зерттейтін, ондағы жәндіктердің омірін зерттейтін су маманы болам деп талпынар едім. Одан қалса мен көкті жалғастырған батыр, космонавт болам деп талпынар едім. Осындаі тереңдердің сырын біліп жырлаған айыр комсай, жәз тандай ақын болғанға не жетсін... Ал менің нағызы арманым – не балалар бақшасында тәрбисі болмадым, не бастауыш кластың оқытушысы болмадым. Соби жүректерінің балғын махаббаттарына бөленіп, оларға толім-тәрбие бере білгінге не жетсін!

Жас шағымда кімдерге сліктегенімді еске түсіру киындау болып отыр. Менің есімде қалғаны оз анамды оте жақсы кордім. Бала күнімisen қолымнан келгенінше көмектескім келестін. Еңбеккерлікті, тазалықты, балажанлылықты, сабырлылықты сол кісіден үйрсандім, сондай болам деп тырыстым. Ол кісі оқымағанмен, тоқығаны коп болатын. Қолы анық, ақ жарқыш, мейірімді жаң.

Оқу оқып, творчестволық сұбекке қатысқан кезімде кобіне өзіме үстаз тұтқан адамым Бейімбет Майлін, Сабит Мұқанов болды. Бұл екеуде оте кішіпейіл, сұбеккүмар адамдар. Қөп онеген Назипа Құлжанова мен Нағима Арықовадан үйрендім. Наз апай қазақтың бірінші журналист ойслі болатын. Ол кісі ұлы Абайдың сұбектеріне казак қаламгерлерінің ішінде бірінші бол талдау жасаған адам. Абайдың қайтыс болғанына он жыл толғанда, 1914 жылы Семей қаласында екі тілде баяндама жасап, Абай өндерінен концерт үйымдастырып, Абай олсұндерінен оқушыларға тақпак айтқызыған, осындағы істерін сол кездегі баспасоз орындары атап откен екен. Назекең орыс тілін оте жетік біледі. Жолдасқа деген жанашырылых қамқорлығы күнті болатын. Қазақтың ақын қызы Шолпан Иманбаеваға оның да көп комегі тигенін енді біліп жүрміз.

Нағима Арықова қазақ ойелдері арасынан шыққан бірінші нарком. 1930 жылдары ол кісі жоғарғы соттың председателі еді. Оте сабырлы, шыдамды адам болатын. “Мен пәлен болдым, мен түтөн болдым” деп оз-озін көтермеген жан сондай-ақ болар. Коңілі жүдесенге жанашырылых ақылыш айтар еді.

Менің бала кезімдегіге қарағанда қазіргі ауылым шаһар сияқты. Ертеде қазақтар үйді шымнан салатын. Оның тобссін итарқа етіп жабатын. Терезелері кішкентай болғандықтан үйдің іші қаранғы, коңілсіз. Еденте тақтай тоссуді кім білген. Үйдің ішіне көпіртіп сабан жайып тастайды, соның үстінے текемет, кілем тоссайтін. Кір қоқыстың әлегінен сліде жүқпалы ауру көп болатын. Дәрігердің комегі дегенді атымен білмейді.

Қазірде менің туған ауылым Щербаков атындағы астық совхозының орталығы. Онда екі-үш қабатты үйлер салынған. Наубайхана, асхана, аурухана, орта мектеп, қонақ үй, балалар бақшасы, тағы-тағылар бар. Балалар бақшасы үш қабатты, күйген кірпіштен салынған. Бұл үйдің іші-сырты, ауласы сондай корікті. Үлкен қалалардағы бала-бақшалардың ешқайсысынан кем емес. Окушылар мен жастардың спорт алаңы бар.

Тұрғын үйлердің бәрі де шатырлы. Алыстан қараганда кол жағасындағы ақ шағаладай атпақ болып көрінеді.

Шербаков совхозы жыл сайын 20—25 мың гектар жерге егін егеді. Совхоздың мал қораларының озі бір сәулетті сарай десең болғандай.

Осылардың бәрін коргенімде бұрынғы ескі тұрмысты еске түсірудің озі ауыр сияқты. Біздің болашағымыз бақытты. Откен күндерді, қындықтарды артқа қалдырыдық. “Елу жылда ел жана” деген осы болар...

1969

## ӨЗІМДІ ОҚЫТҚАН ЖӘНЕ БАСҚА ДА АФАРТУШЫЛАР

Қолыма бірінші рет қалам үстаратқан оқытушым (молда) Сұлтанғазы Ахметов деген кісі. Ол кісіден оқығанда мен жеті жасар бала едім. Соңда бұл кісіден 1913 жылдары оқыған боламын.

Мектепте сабак екі тілде жүрді. Алдымен қазақша жүретін. Содан кейін қыз балаларды үйлерінде қайтарып, ер балаларға орыс тіліндегі сабак болатын. Ол кездегі ата-аналардың үғымынша қыз балалар қазақша хат таныса, намаздығын білсе болғаны. Жазу жаздырып үйреттірмейтін. Тек қаріптерді ғана жаздыратын. Олардың үғымынша “Қыз балалар хат жаза білсе, түбіндегі хаттасып, оз қалауындағы бірсұмен қашып кетеді”, — деп ойлады екен.

Сұлтанғазы молда Тройцк қаласындағы “Медресс Расулада”, Зейнолла Ишанин оқыған ғұлама деп айтатын үлкендер. Сұлтанғазы Ахметовтың руы бүлтың қыпшақ ішінде Құрлесуіт. Ата қоныстары Мінайдар Қылышбаев ауылы. Ол жердегі елдің бәрі қозірде Қостанай ауданы, Маяковский астық совхозы, Темірқазық селосында тұрады. Қостанайдан 30—35 километрдей жерде. Нәсілдері бар болса, сол жердің халқы білуге тиісті.

Одан кейін бізді оқытқан Жыртқастың Әбуталыбы деген кісі. Ол тек қазақша сабак берді. Бұл жерде айта кететін бір жағдай: біз оқыған кезде сішқандай оқу құралы болған жок. Жан-жағын ағашпен комкерген қара тақтадан басқа қолымызға тиестін дүниес жок. Оқытушы үлкен қара тақтаға жазып койған қаріптерді, біз қолымыздағы кішкентай тақтаға жазып алатынбыз да, соның түр-сипатын жаттаймыз.